



Бекітемін:
Мектеп директоры
Б.Дүйсенбаев

О.Шораяқұлы атындағы «№ 30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары

2023 – 2024 оқу жылы

Мектептің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының мақсаты:

Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Міндеттері:

- Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;
- «Бала-отбасы-мектеп» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;
- Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.
- Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдай (физикалық, әлеуметтік, рухани, адамгершілік, зияткерлік) жасау.
- Әлеуметтену үрдісінде өздігінен даму және өзін-өзі тануда оқушыларға кешенді әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ оқушылардың өмір сүру кеңістігінде оларды әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, құқықтық тұрғыдан қорғау.

Жылдық жоспар Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыпты) және отбасы туралы ҚР 2011 жылығы 26 желтоқсанындағы № 518 – IV. Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы V-345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу – ағарту министрінің м.а 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу – ағарту министрінің м.а 2022 жылғы 21 желтоқсанындағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген.

№	Іс – шаралар	Орындалу мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I.Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1	2023-2024 оқу жылына әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарын құру, бекіту	Тамыз	Әлеуметтік педагог	Жұмыс жоспары
2	Әлеуметтік педагогтың іс- қағаздары және нормативтік құқықтық актілермен жұмыс	Тамыз	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
3	Әлеуметтік мәртебесіне байланысты оқушылармен жұмыс жоспарын құру жұмыстарын жүргізу	Тамыз	Әлеуметтік педагог	Жоспар
4	«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	Тамыз-Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Комиссия мүшелері	Ақпарат,сурет акция аясында
5	Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан бөлінген қаржыға тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімін анықтау үшін № 64 қаулы негізіне оқушыларды тізімге кіргізу	Тамыз	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Ақпарат,тізім
6	МАӘК алатын отбасылардың тізімін алу, нақтылап отыру	Токсан сайын	Әлеуметтік педагог	Құжат жинау
7	Әлеуметтік топтағы отбасы балаларына қаржылай көмек беруді ұйымдастыру жұмыстары	Тамыз	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
8	Әлеуметтік осал топтағы оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кітапханашы	Кітаппен қамту
9	Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу бойынша мәліметтерді жинау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Құжат жинау
10	Мектеп оқушыларының әлеуметтік төлқұжатын жасау: • Ата –ана қамқорлығынан айырылған оқушылар • Инклюзивті сыныпқа қабылданған оқушылар • Толық емес (ата – анасының біреуі қайтыс болған) отбасынан шыққан оқушылар • Толық емес (ата – анасының біреуі ажырасқан) отбасынан шыққан оқушылар • Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар	Жыл басы /жартыжылдық/	Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер	Мәліметтер базасы

	• Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар • Ерекше білімді қажет ететін оқушылар • Форма - 4 (некесіз туылған) • Өгей әкемен бірге тұратын оқушылар • Өгей анамен бірге тұратын оқушылар • Жалдамалы пәтерде тұратын оқушылар • Қолайсыз отбасынан шыққан оқушылар • Мектепшілік бақылаудағы оқушылар				
11	Сынып жетекшімен бірлесе отырып, мектеп оқушыларының әлеуметтік жеке картасын жасақтау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог	Тізім	
12	Әлеуметтік мәртебесіне байланысты оқушылармен жұмыс жоспарын құру жұмыстарын жүргізу	Тамыз	Әлеуметтік педагог	Жоспар	
13	Білім бөлімінің бас маманына мектептің әлеуметтік паспортын тапсыру	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог	Мәлімет	
14	Әлеуметтік мәртебеге ие, қиын және құқық бұзуға бейім оқушылардың отбасымен және тұрғын жайымен танысуға акт жүргізу	Уақытында	Әлеуметтік педагог	АКТ	
15	Мектепте атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс туралы мектеп сайтында, әлеуметтік желілерде, қажет болған жағдайда мақала, пост жариялау	Уақытында	Әлеуметтік педагог	Жарияланым	
II. Балалық құқығын қорғау жұмысы					
1	«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» іс-шара /1-11 сынып оқушылары/	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Медбике	Анықтама	
2	Ата-анаға арналған сауалнама	Қазан	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші	Анықтама	
3	«Дұрыс тамақтану қағидасы» іс-шара	Қараша	Әлеуметтік педагог Медбике	Анықтама	
4	Мектеп асханасы және оқушыларды тегін жеңілдетілген тамақпен қамту бойынша сауалнама	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Анықтама	

	/5-11 сыныптар бойынша/			
5	Оқушының отбасылық әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет	Қаңтар	Әлеуметтік педагог	Анықтама
6	Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие? /ата-анадан сауалнама/	Ақпан	Әлеуметтік педагог	Анықтама
7	«Сыныптағы қарым-қатынас» пікірлесу	Наурыз	Әлеуметтік педагог	Анықтама
8	«Ас адамның арқауы» тақырыбында сауалнама	Сәуір	Әлеуметтік педагог	Анықтама
9	1,5 сыныптардың сынып жетекшілерінен бейімділігін, әлеуметтік ортаға бейімділігін анықтау	Уақытында	Әлеуметтік педагог Психолог	Бейімділігін анықтау
10	Президент және облыс әкімінің шыршаларына әлеуметтік осал топтағы оқушыларды қатыстыру	Уақытында	Әлеуметтік педагог	Ұсыныс беру
11	«Қайырымдылық – жүректен!» акциясы	Уақытында	Әлеуметтік педагог	Ұйымдастыру

III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс

1	Мектепішілік есепте тұратын қиын және құқық бұзуға бейім оқушылардың тізімін анықтау және әлеуметтік-тұрмыстық тұрғын жай актіні жүргізу	Уақытында	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Анықтама
2	Қолайсыз отбасыларды үнемі бақылауда ұстау, ата-аналармен байланысқа шығып отыру	Уақытында	Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер	Рейд жүргізу
3	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, оқушыларды үнемі бақылау ұстау, қамқоршысымен байланыста болу	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер	Сұхбаттасу, байланысты үзбеу
4	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, осал топтағы оқушылардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайымен танысу, үй тұрмыс актісін жүргізу	Уақытында	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші	Мәлімет, АКТ
5	Мектепішілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Анықтама


	ұйымдастыру жұмыстары			
6	Мұғалім, ата-ана, оқушыға жеке кеңес беру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Тіркеу журналы
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
1	Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылардың тұрғын-жайын зерттеу актілерін жасау	Үнемі	Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекші	Зерттеу актісі
2	Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылардың сабақтарға қатысуын қадағалау	Үнемі	Әлеуметтік педагог Психолог	Қадағалау
3	Ата-әжесімен тұратын оқушылардың отбасылық, әлеуметтік жағдайын бақылау, рейд жасау.	Үнемі	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші	Акт толтыру
4	Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың денсаулығын профилактикалық-медициналық бақылаудан өткізу.	Уақытында	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші Мектеп медбикесі	Бақылау
5	Мектеп оқушыларына уақытылы егу жұмыстарын жүргізілгендігін қадағалау	Уақытында	Әлеуметтік педагог Мектеп медбикесі	Қадағалау
6	Жаппай тамақтан улану және жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында жадныма тарату	Жылына 2 рет	Әлеуметтік педагог Мектеп медбикесі	Қадағалау
7	Тәрбиесі қиын, сабақты бос жіберетін, сабақтан қашатын оқушыларды анықтау, педагогикалық, құқықтық жұмыстар жүргізу, әлеуметтік тұрғын-жайын анықтау. Ата-аналарымен байланыс жасау	Тоқсанына 1 рет	Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекші Мектеп инспекторы	Қадағалау
8	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың тізімін анықтап, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға жұмыстар жүргізу	Үнемі	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Психолог Мектеп инспекторы	Алдын алу шаралары
9	Тәрбиесі қиын оқушылардың кемшіліктерді түзетуге ұсыныстар жасап кеңес беру	Уақытында	Әлеуметтік педагог	Кеңес беру
10	Әлеуметтік педагогтардың тәжірибе алмасу семинарына қатысу (онлайн, офлайн)	Жыл көлемінде	Әлеуметтік педагог	Қатысу

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

1	Ата-аналар жиналыстарына қатысу	Токсанына 1 рет	Әлеуметтік педагог	Қатысу
2	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен сынып жетекшілерінің байланысын қадағалау	Үнемі	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші	Қадағалау
3	Бала тәрбиесі мен қарым-қатынасты жақсарту жайында ата-аналар үшін ұсыныстар дайындау, кеңестер беру, психологиялық, педагогикалық кеңес беру	Үнемі	Әлеуметтік педагог	Кеңес беру
4	Жекелеген ата-аналармен баласының тәрбиесі мен біліміне қатысты сұрақтар бойынша әңгімелесу өткізу.	Уақытында	Әлеуметтік педагог	Әңгімелесу
5	«Отбасылық құндылықтардың бала өмірінде рөлі» шеберлік сағаты	Қараша	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Анықтама
6	Өгей әке және өгей анамен тұратын оқушылардан сауалнама алу	Сәуір	Әлеуметтік педагог	Анықтама

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

1	Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жұмысы	Айына 1 рет	Комиссия мүшелері	АКТ, хаттама, анықтама
2	Отбасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында диагностика жүргізу	Уақытында	Әлеуметтік педагог	Диагностика
3	Әлеуметтік педагогтың жартыжылдық жұмыс есебі	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Есеп
4	Әлеуметтік осал топтағы отбасының балаларын жазғы демалыс лагерьлеріне демалуға анықтау, тізімін жасау	Мамыр	Әлеуметтік педагог	Тізімін жасау
5	Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебін жасау	Мамыр	Әлеуметтік педагог	Қорытынды есеп
6	Келесі оқу жылына жоспар құру	Мамыр	Әлеуметтік педагог	Жоспар әзірлеу

Әлеуметтік педагог  Е.Сунгатов